

БЕКІТІЛДІ

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық университеті» РММ
Мектеп және колледж бойынша оқу
үрдісін ұйымдастыру қызметінің
басшысы м.а.

«31» 03 2026ж. А. Ажмуратова

**02110200 «Дыбыс операторлық шеберлік»
4S02110201 «Дыбыс операторы»
білім беру бағдарламасының шығармашылық қабылдау
емтиханына қойылатын талаптар**

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
02110200 «Дыбыс-оператор шеберлігі»	4S02110201 «Дыбыс операторы»	9 сынып базасында	Қазақ. орыс

Талапкерге қойылатын талап:

Ең алдымен талапкер ҚазҰӨУ колледжіне қабылдану тәртібімен танысуы керек.

Балалар музыка мектебін бітіргені туралы куәліктің болуы құпталады.

«Дыбыс операторы» мамандығына түсуші талапкер өзінің есту қабілетін, музыкалық талғамын, ұқыптылығын және дыбыспен жұмыс істеудің негізгі түсінігін көрсетуі тиіс.

Талапкерде келесі қабілеттердің болуы ерекше назарға алынады:

- ✓ Негізгі физикалық ұғымдарды (тербеліс, толқын, дыбыс) түсіну.
- ✓ Механика, акустика, электроника бойынша базалық білімдер.
- ✓ Толқын, қысым және жиілікті есептеуге арналған қарапайым есептерді шешу дағдылары.
- ✓ Компьютермен және цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдылары.
- ✓ Аудио монтаждауға арналған компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу негіздерімен танысу, цифрлық дыбыстық жұмыс станцияларымен (DAW) танысу.
- ✓ Дыбыс жабдықтарымен жұмыс тәжірибесі.
- ✓ Дыбыстық көріністерді талдау қабілеті.
- ✓ Жабдықпен жұмыс істеуде мұқияттылық пен төзімділік.
- ✓ Креативті ойлау және дыбыстық бейнелер жасауға деген қызығушылық.

1. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

3 кезеңнен тұрады.

- 1.1. Сұхбат.** Емтихан комиссиясының сұрақтарына ауызша жауап (сұрақтар мысалдары төменде келтірілген).
- 1.2. Билет бойынша жазбаша жұмыс.** Әр билетте талапкердің теориялық және жалпы кәсіби дайындығын тексеретін 2 сұрақ болады (жазбаша сұрақтар мысалдары төменде).
- 1.3. Физикадан тест тапсырмалары (мысалдары төменде)..**

Сұхбат сұрақтарының мысалдары:

1. Сіз дыбыс операторы ретінде өз жұмысыңызды қалай елестетесіз?
2. Сіз бұл мамандықты таңдауыңыздың себебі неде?

Жазбаша сұрақтардың мысалдары:

1. Дыбыс режиссері, дыбыс операторы, дыбыстық безендіруші, дыбыстық редактор деген кім? (әр мамандыққа нақты анықтама беріп, олардың айырмашылығын түсіндіріңіз).
2. Дыбыс операторлары жұмыс істейтін қандай салаларды білесіз?

Физикадан тест тапсырмаларының мысалдары:

Адам құлағы қабылдайтын жиіліктер диапазоны қандай?

- a) 10–100 Гц
- b) 20–20 000 Гц
- c) 1000–10 000 Гц
- d) 200–2000 Гц

20 Гц-тен төмен жиіліктегі дыбыс қалай аталады?

- a) Ультрадыбыс
- b) Инфрадыбыс
- c) Мегадыбыс
- d) Супердыбыс


2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

СОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша) - емтихан талаптары БММ бағдарламасы бойынша белгіленеді.

1. Музыкалық диктант:

- * Бірдауысты.
- * Форма - біртональдік периоді, екі сөйлем, 8 такт.
- * Жазу уақыты - 25-30 минут.
- * Ойнау саны-8-10.
- * Өлшем-ырғақтық қиындықтар - қарапайым өлшемдер, сегіздік нүктемен және он алтылық ырғақты топтар, пунктирлі ырғақ (төрттік нүктемен және сегіздік, сегіздік нүктемен және он алтылық).
- * Интонациялық қиындықтар - қарапайым интервалдар, диатоникалық және гармоникалық үштондықтар, негізгі үшдыбыстық пен септаккордтардың дыбыстары бойынша козғалу, диатоникалық секвенциялар.

Шамамен курделілік деңгейі:




II. Ауызша емтихан:

1. БММ бағдарламасы бойыша теориялық білімі тексеру.

2. Әндету:

- Ладтар - мажор және 3 түрі минор;
- Интервалдар - қарапайым, үштондар
- Аккордтар - мажорлық және минорлық үшдыбыстықтар
- айналымдарымен, D7 айналымдарымен;
- Парақтан бірдауысты нөмірі оқу (шамамен):



3. Есту талдауы:

- Ладтын сатылары;
- Қарапайым интервалдар; үштондар
- Аккордтар - - мажорлық және минорлық үшдыбыстар, олардың,
- айналымдары, D7 және оның айналымдары.

* «Дыбыс операторы» мамандығына бастауыш музыкалық білімі жоқ талапкерлер үшін сольфеджио емтиханы музыкалық деректерді, музыкалық есту мен есте сақтауды тексеру түрінде еткізіледі.

«Эстрада өнері»

ПЦК-ның төрағасы:

М.Р. Ескалиева